




КМҚК «Шағала» бөбекжай-бақшасы

Ересек №1 «Күншуақ» тобы.

«Өнегелі ертегілер» вариативтік компонентінің перспективтік жоспары.

2020-2021 оқу жылы.

Түсіндірме жазба

Мақсаты:

-Мектеп жасына дейінгі балаларда шығармашылық қабілеттердің,ойлау мен қиялдың қалыптасуына, эстетикалық талғамы мен эмоционалды – сезімдік саласының, өзінің ішкі жан дүниесін көркемдік формада жеткізе білуге деген ұмтылысын дамытуға баулу.

Міндеттері:

- Шындықты ажыратуды, залымдық пен қайырымдылықтың ара жігін ажыратуды үйрету;
- Қоршаған ортамен қарым –қатынас орнатуды дағдыландыру;
- Баланың рухани жан дүниесін үйлестіре тәрбиелеу;
- Тұлға болып қалыптасуына жол ашу;

Күтілетін нәтиже:

- Ертегі терепиясы балалардың мінез құлқын қалыптастырады, тіл табысады, ойлау қабілеті жақсарады;
- Дағдарыс жағдайында тез әрі дұрыс шешім қабылдайды;
- Күйзелістен арылады, жақсы көтеріңкі көңіл- күйде болады.

№	Тақырыбы	Мақсаты	Күні	Сағат саны
1.	Бақша ағаштары	- Ертегі тыңдап,оқиғаның өрбуіне кейіпкерлерді сипаттай білуге үйрету. -көркем әдебиеттердің ерекшеліктері туралы алғашқы түсііктерін қалыптастыру; - әдебиетті тыңдау және айтып беру қажеттіліктерін қалыптастыру; - балаларды тыңдау,салыстыру, жалпылау, ақпаратты жүйелеудің қарапайым тәсілдерімен таныстыру. - табиғат нысандарын бақылау және қарапайым қортынды шығару дағдыларын дамыту.	2.09 9.09	2
2.	Мақта қыз бен мысық	-адам еңбегіне деген құрмет сезімін қалыптастыру, адам қолымен жасалғанның барлығына ұқыпты қарауды; балалардың сөйлеу тілін, зейінін, қиялын дамыту; -Балалардың ой-өрісін дамыту үшін ертегі кейіпкерлерінің іс-қимылдарын, көрсете алуға үйрету. Ертегіні ойнау барысында, кейіпкерлердің жүріс-тұрысын , дауыс ырғағын, дұрыс жеткізе білуге тәрбиелеу.	16.09 23.09	2

3.	Күшік пен мысық	- балалардың үй жануарлары және олардың төлдері, жабай жануарлар туралы, өздеріне таныс жануарлардың сыртқы ерекшеліктері туралы білімдерін бекіту; -Ертегіні мұқият тыңдай білуге, өз түсініктері бойынша айта білуге үйрету. сөздік қорларын молайту, тілдерін дамыту.Ертегі кейіпкерлерінің сипаты арқылы жақсы қасиеттерге баулу.	30.09 7.10	2
4.	Түлкі мен тырна	-ертегінің мазмұнын түсінуге және олардағы әрекеттердің дамуын қадағалауға; - рухани адамгершілік құндылықтарды қалыптастыру; - кейіпкерлерді сипаттау үшін дауыс ырғағының мәнерлі қарапайым тәсілдерін қолдануды дамыту. Ертегі тыңдап,оқиғаның өрбуіне кейіпкерлерді сипаттай білуге үйрету.	14.10 22.10	2
5	Қызыл телпек	-балаларда шығармашылық қабілеттер-дің, ойлау мен қиялдың қалыптасуына, эстетикалық талғамы мен эмоционалды – сезімдік саласының, өзінің ішкі жан дүниесін көркемдік формада жеткізе білуге деген ұмтылысын дамытуға баулу. -Ертегі мазмұнын зейін қойып тыңдауға үйрету. -Балалардың сөздік қорын молайту.Көркем әдеби тілде сөйлеуге тәрбиелеу.Көркем шығарманың тәрбиелік маңызын түсіндіру	28.10 4.11	2
6	Дос іздеген бота	-адамгершілік мінез-құлық негіздерін тәрбиелеу - құрдастары мен ересектерге бағытталған мейрімділік қарым-қатынасын, өзінің эмоциялары мен сезімдерін білдіре білуді дамыту. -Балалардың әңгіме желісіне байланысты сөлей алуға.Суретке қарап әңгіме айтуға үйрету. ой-өрісін, есте сақтау қабілеттерін арттыру. Әдепті болуға үйрету.		2
7	Алтын балта	-Балаларға алтын балта ертегісімен таныстыру.Балалардың ой-өрісін дамыту үшін ертегі кейіпкерлерінің іс-қимылдарын,көрсете алуға үйрету. Ертегін тыңдау барысында, кейіпкерлердің жүріс-тұрысын , дауыс ырғағын, дұрыс жеткізе білуге тәрбиелеу.		2
8	Мақтаншақ қоян	-Ертегі мазмұнын зейін қойып тыңдауға үйрету. Балалардың сөздік қорын молайту.Көркем әдеби тілде сөйлеуге тәрбиелеу. Көркем шығарманың тәрбиелік маңызын түсіндіру. -құрдастары мен ересектерге бағытталған мейрімділік қарым-қатынасын, өзінің эмоциялары мен сезімдерін білдіре білуді дамыту.		2
9	Түлкі мен ешкі	-Суретке қарап әңгіме айтуға үйрету. - ой-өрісін, есте сақтау қабілеттерін арттыру. -Ертегі мазмұнын зейін қойып тыңдауға үйрету. Балалардың сөздік қорын молайту.Көркем әдеби тілде сөйлеуге тәрбиелеу.Көркем шығарманың		2

		тәрбиелік маңызын түсіндіру		
10	Әдеп	- адамгершілік мінез-құлық негіздерін тәрбиелеу - құрдастары мен ересектерге бағытталған мейрімділік қарым-қатынасын, өзінің эмоциялары мен сезімдерін білдіре білуді дамыту. -Оқу қызметі барысында балалардың әңгіме желісіне байланысты сөйлей алуға. Суретке қарап әңгіме айтуға үйрету. ой-өрісін, есте сақтау қабілеттерін арттыру. Әдепті болуға үйрету.		2
11	Тышқанның өсиеті	-Балалардың сөздік қорын молайту.Көркем әдеби тілде сөйлеуге тәрбиелеу.Көркем шығарманың тәрбиелік маңызын түсіндіру Ертегі мазмұнын толық білуге үйрету. Балалардың тілін, ой-қиялын, сөздік қорын дамыту. Достық қарым-қатынасқа, қамқорлыққа тәрбиелеу.		2
12	Үш аю	-балаларда шығармашылық қабілеттердің ойлау мен қиялдың қалыптасуына, эстетикалық талғамы мен эмоционалды – сезімдік саласының, өзінің ішкі жан дүниесін көркемдік формада жеткізе білуге деген ұмтылысын дамытуға баулу. -Балаларды ертегі желісіне айланысты суреттерді орналастыруды үйрету. -Ертегі желісі туралы түсініктерін артыру. Ертегі желісін түсініп тындай білуге тәрбиелеу		2
13	Мақтаншақ бақа	Ертегі мазмұнын толық білуге үйрету. Балалардың тілін, ой-қиялын, сөздік қорын дамыту.Достық қарым-қатынасқа, қамқорлыққа тәрбиелеу.		2
14	Бір уыс мақта	-адам еңбегіне деген құрмет сезімін қалыптастыру, адам қолымен жасалғанның барлығына ұқыпты қарауды; балалардың сөйлеу тілін, зейінін, қиялын дамыту; -Мақта туралы білімін арттыру. Есте сақтау қаблетін дамыту Кез келген затты ысырап жасамай пайдаға жарту,,. әрқашанда көмектесе білуді.		2
15	Күн, ай және әтеш	-Ертегіні тындай білуге, өз түсінгенін ойын жеткізе білуге үйрету, есте сақтау қаблеттерін дамыту. -Балаларды достыққа, татулыққа тәрбиелеу, баулу, жаман қасиеттерден аулақ болуға тәрбиелеу.		2
16	Құмырсқаның серуені	- қоршаған ортаға жағымды қарым-қатынасты,оның қайталанбастығы мен әсемдігін түсіндіруді қалыптастыру. -Балалар халық ауыз әдебиетіне деген қызығушылығын ертегілер арқылы арттыру.Балалардың ойлау қабілетін,есте сақтау		2

		қабілетін дамыту. Адамгершілікке, үлкенді тыңдай білуге тәрбиелеу.		
17	Үш торай	- қарым- қатынас мәдениетін сақтауға көмектесу; - тұлға болып қалыптасуына көмектесу; - Үш торай туралы білімдерін толықтыру. - ой-өрісін, естесіне сақтау қабілетін дамыту адамгершілікке, еңбекқорлыққа тәрбиелеу		2
18	Жеті лақ	- Шындықты ажыратуды, залымдық пен қайырымдылықтың ара ашуды үйрету; - Балалардың ой-өрісін дамыту үшін ертегі кейіпкерлерінің іс-қимылдарын, көрсете алуға үйрету. - Ертегіні ойнау барысында, кейіпкерлердің жүріс-тұрысын, дауыс ырғағын, дұрыс жеткізе білуге тәрбиелеу.		2

«Шебер қолдар» вариативтік компонентінің перспективтік жоспары

«Шебер қолдар» үйірмесі балаларды дәстүрден тыс әдіс арқылы сурет салуға, мүсіндеуге, жапсыруға, табиғи материалдарды қолданып өз шығармашылық қабілеттерін дамытып, жасаған жұмыстары туралы әңгімелей білуге үйретеді.

Мақсаты: Мектеп жасына дейінгі балалардың шығармашылық ойлау қабілетін, мәдениетін дамыту. Шығармашылық іскерліктері мен эстетикалық талғамын қалыптастыру.

Міндеттері:

Балалардың шығармашылық қабілеттерін шыңдап, бір затты әр қырынан көре білулеріне, жасаған жұмыстарын талдауға, өз ойларын жеткізе білулеріне машықтандыру.

Бейнелеу өнеріне қажетті негізгі техникалық дағдыларды меңгерту.

Саусақ моторикасының дамуына, эстетикалық талғамының қалыптасуына ықпал ету.

Сурет өнеріне деген қызығушылықтарын арттыру.

Бастаған істі аяғына жеткізуге, шыдамдылыққа, ұқыптылыққа тәрбиелей отырып, рухани – адамгершілік қасиетін дамыған жеке тұлғаны қалыптастыру.

Күтілетін нәтиже:

Дәстүрден тыс әдіс арқылы бейнелеу техникасын меңгеріп, өз беттерінше жұмыс жасайды.

Шығармашылық қабілеттері шыңдалады.

Жасаған жұмысы туралы айтып бере алады.

р/с	Тақырыбы	Бағдарламалық мазмұны	Қолданылатын көрнекіліктер	Сағ саны	Күні:
1	Ұшақтар Бүктеу	-Қағаздың түрлерімен таныстыру, қағаздан бүктеу әдісін түсіндіріп, дайындау. - білуге деген құштарлығын, шығармашылық қиялын, фантазиясын, есте сақтау қабілетін дамыту.	Ұшақтың суреті салынған плакаттар, қағаздар, түрлі түсті бояулар	1	5.09
2	Аққулар қол	- көркем- эстетикалық талғамды дамыту және бейнеленген	Аққудың суреті, картон қағаз,	1	12.09

	еңбегі	образдарды түсіну сезімін тәрбиелеу. -Қағаздың түрлерімен таныстыру, ұқыпты жұмыс істеу дағдыларын қалыптастыру.	қайшы, желім, түрлі-түсті бояулар		
3	Сиыр сурет салу	-сурет негіздері туралы білімдерін және көркемдік материалдармен, құралдармен жұмыс істеудің бастапқы дағдыларын қалыптастыру. -Сурет салуға қызығушылығын арттыру, қарындашты оң қолымен ұстауға үйрету, жаттықтыру.	Сиырдың суреті, түрлі-түсті бояулар, ақ қағаз	1	19.09
4	Паровоз Мүсіндеу	-мүсіндеуге арналған түрлі материалдармен жұмыс жасауда қарапайым білімдері мен дағдыларын қалыптастыру. - заттардың, мүсінділетін бұйымдардың пішіні мен өлшемі туралы кеңістік түсініктерін қалыптастыру. -мүсіндеу барысында шағын көлемді кесек есу әдіс – тәсілдерін түсіндіру.	Сюжетті суреттер, ермексаз	1	26.09
5	Әтеш пен бақа Жапсыру	-материалға ұқыпты қарап, дұрыс қолдана білуге үйрету; -түрлі пішіндерді біріктіру арқылызаттарды фланegraпта орналастыруды дағдыландыру. - зат бинесін бөлшектерден құрастыру, бөлшектерден шаблон арқылы, есте сақталған бейне арқылы, елетету арқылы композиция құрау дағдыларын дамыту. -Балаларға түрлі - түсті қағаздарды таныстыра отырып, үлгілерін бастырып қию. Қағазбен жұмыс жасау іскерлік дағдыларын қалыптастыру.	Желім, қайшы, қағаздар, үлгілер, траферат	1	3.10
6	Алтын балық қол еңбегі	- ұсақ қол моторикасын дағдыландыру; - балаларды ересектермен бірге әрекет етуге қызығушылықтарын арттыру. -қағазбен жұмыс жасау дағдыларын жетілдіру, дайын болған жұмыстарын әшекейлеуге үйрету.	Балық туралы үлкен суреттер, (тамақ үстінде, қыдырып жүрген)	1	10.10
7	Қайық Бүктеу	Бүктеп жасай білуге үйрету. Қағазбен жұмыс жасау дағдыларын жетілдіру	Қағаз, қайықтың суреті	1	17.10
8	Қашқаргүл (астра) Мүсіндеу	-Балаларды гүлдермен таныстыруды жалғастыру. Мүсіндеу арқылы балалардың қол икемділіктерін арттыру.	Қашқаргүлдің суреті, ермексаз	1	24.10
9	Арыстан Жапсыру	-материалға ұқыпты қарап, дұрыс қолдана білуге үйрету;	Сюжетті сурет, түрлі түсті	1	31.10

		-түрлі пішіндерді біріктру арқылызаттарды фланеграпта орналастыруды дағдыландыру. - зат бинесін бөлшектерден құрастыру, бөлшектерден шаблон арқылы, есте сақталған бейне арқылы, елетету арқылы композиция құрау дағдыларын дамыту. -Түрлі қағаздардан арыстан бейнесін бастырып жапсыру.	қағаздар, желім, қайшы		
10	Аққала қол еңбегі	- ұсақ қол моторикасын дағдыландыру; - балаларды ересектермен бірге әрекет етуге қызығушылықтарын арттыру. -Өз қолымен бұйым жасауға қызығушылығын арттыру. Қиып алынған бөлшектерді әдемі орналастырып бекіту.	«Қазақстан табиғаты» тақырыптық суреттер	1	
11	Үйрек Мүсіндеу	-мүсіндеуге арналған түрлі материалдармен жұмыс жасауда қарапайым білімдері мен дағдыларын қалыптастыру. -Тұзды қамырды ұқыпты пайдалану. Қол икемділіктерін арттыру.	Тақырыптық суреттер	1	
12	Түймедақ Бүктеу	Бүктеу әдіс - тәсілдерді түсіндіру.	Тақырыптық суреттер	1	
13	Қысқы киім . қол еңбегі	- ұсақ қол моторикасын дағдыландыру; - балаларды ересектермен бірге әрекет етуге қызығушылықтарын арттыру. -Өз қолымен бұйым жасауға қызығушылығын арттыру. -Қиып алынған бөлшектерді әдемі орналастырып бекіту. Матаның сапасымен, тігіншілер еңбегімен таныстырып, еңбек туралы мақал - мәтелдер жаттату	Қысқы киімдердің суреттері, әртүрлі мата, қайшы, желім.	1	
14	Тасбақаның суретін салып үйренеміз сурет салу	-қағаз бетін бағдарлай білуге үйрету; -белгілі бір ережелерді орындау дағдыларын қалыптастыру; түзу отыру тек қағаз бетіне сурет салу,қағазды жұмарламау, қарандашты тықылдатпау т.б дағдыларды қалыптастыру. -сурет салуға қызығушылықтарын арттыру, ұқыпты бояуға жетелеу.	Тақырыптық суреттер	1	
15	Досыма сыйлық Мүсіндеу	-Мүсіндеу барысында шағын көлемді кесек есу әдіс - тәсілдерін көрсету. -мүсіндеуге арналған түрлі материалдармен жұмыс жасауда	Сюжетті сурет, ермексаз.	1	

		қарапайым білімдері мен дағдыларын қалыптастыру.			
16	Қалампыр қол еңбегі	- ұсақ қол моторикасын дағдыландыру; - балаларды ересектермен бірге әрекет етуге қызығушылықтарын арттыру. -Өз қолымен бұйым жасауға қызығушылығын арттыру. -Қағазбен әртүрлі жұмыс дағдыларын жетілдіру.	Қалампыр гүлінің суреті. Түрлі-түсті қағаз, қайшы, желім.	1	
17	Тату жанұя (мүсіндеу)	-мүсіндеуге арналған түрлі материалдармен жұмыс жасауда қарапайым білімдері мен дағдыларын қалыптастыру. -Балаларға отбасы туралы әңгімелер оқып беріп, тақпақтар, нақыл сөздер жаттау. Отбасы туралы мүсіндеу.	Сюжетті суреттер	1	
18	Қоңыраугүл Сурет	Сурет салуға қызығушылығын арттыру, қарындашты оң қолымен ұстауға үйретіп жаттықтыру.	Қоңыраугүл салынған суреттер	1	
19	Қояндар бүктеу.	-Түрлі бүктеу әдіс - тәсілдерін үйрету. - ұсақ қол моторикасын дағдыландыру; - балаларды ересектермен бірге әрекет етуге қызығушылықтарын арттыру. -Өз қолымен бұйым жасауға қызығушылығын арттыру.	Қоянның суреті, түрлі түсті қағаздар	1	
20	Молшылық, береке түрлі материалдар	- ұсақ қол моторикасын дағдыландыру; - балаларды ересектермен бірге әрекет етуге қызығушылықтарын арттыру. -Өз қолымен бұйым жасауға қызығушылығын арттыру. -Түрлі материалдармен жұмыс жасауға, қауіпсіздік ережелерін сақтауға дағдыландыру.	«Күз» туралы суреттер	1	
21	Бақа Бүктеу	-Қағаздарды бүктеу тәсілдерін жасап жаттығу. - ұсақ қол моторикасын дағдыландыру; - балаларды ересектермен бірге әрекет етуге қызығушылықтарын арттыру. -Өз қолымен бұйым жасауға қызығушылығын арттыру.	Тақырыптық суреттер	1	
22	Қаздың балапаны қол еңбегі	-Балаларды ине - жіппен жұмыс жасауға жаттықтыру. - ұсақ қол моторикасын дағдыландыру; - балаларды ересектермен бірге әрекет	Әңгіме желісі бойынша суреттер	1	

		етуге қызығушылықтарын арттыру. -Өз қолымен бұйым жасауға қызығушылығын арттыру.			
23	Бақ - бақ қол еңбегі	-Балалардың ынта - ықыласын арттыру, көтеріңкі көңіл - күй туындату. - ұсақ қол моторикасын дағдыландыру; - балаларды ересектермен бірге әрекет етуге қызығушылықтарын арттыру. -Өз қолымен бұйым жасауға қызығушылығын арттыру.	Тақырыптық суреттер	1	
24	Балықтар. Мүсіндеу	-мүсіндеуге арналған түрлі материалдармен жұмыс жасауда қарапайым білімдері мен дағдыларын қалыптастыру. -Саусақ икемділіктерін әрі қарай жаттықтыру. Түрлі пішіндерді мүсіндеу.	Сюжетті суреттер	1	
25	Анамызға сыйлық (қол еңбегі)	Түсті қағаздардан гүл құрастыру. Аналарына сыйлық дайындау.	Тақырыптық суреттер	1	
26	Гүлдер әлемі Сурет	Балалардың бояумен сурет салуға қызығушылығын арттыру. Дөңгелек затты түрлі бағыттағы түзу сызықтармен үйлестіріп салу	Сюжетті суреттер, бояулар, ақ қағаз.	1	
27	Орманда қол еңбегі	Балаларға гүлдердің түрлері туралы ертегі оқып беріп, мазмұндау. Балаларды бояумен сурет салғызуға қызығушылығын арттыру. Дөңгелек затты түрлі бағыттағы түзу сызықтармен үйлестіріп салу.	Сюжетті суреттер	1	
28	Көлде жүзген аққу мүсіндеу	-Тұзды қамырды ұқыпты бояу. Қол икемділіктерін арттыру. -мүсіндеуге арналған түрлі материалдармен жұмыс жасауда қарапайым білімдері мен дағдыларын қалыптастыру.	Тақырыптық суреттер	1	
29	Қайықша. бүктеу	-Қайықшаны түрлі қағазбен бүктеу тәсілдерін жасауға жаттықтыру. - ұсақ қол моторикасын дағдыландыру; - балаларды ересектермен бірге әрекет етуге қызығушылықтарын арттыру. -Өз қолымен бұйым жасауға қызығушылығын арттыру.	Қайықшаның суреті	1	
30	Қонжық (қол еңбегі)	- ұсақ қол моторикасын дағдыландыру; - балаларды ересектермен бірге әрекет	Қонжықтың суреті.	1	

		етуге қызығушылықтарын арттыру. -Өз қолымен бұйым жасауға қызығушылығын арттыру. -Аюдың аюдың баласы туралы ертегі оқып беру, мазмұндау. Әртүрлі материалдарды біріктіріп, аюлар бейнесін жасауға үйрету. Дене бөліктерін біріктіріп, желімдеу, балалардың ой-қиялын дамыту.			
31	«Алқаптағы гүлдер» жапсыру	«Көктем» мезгілінде өсетін гүлдер туралы тақпақ жаттау. Көктем гүлдерін жинақтап, кептіріп жапсырмалау.	Алқаптағы гүлдердің суреттері		
32	Құстар (сурет салу)	Балаларға «Құстар» туралы ертегі оқып беру. Тақпақ жаттау. Балаларды табиғаттағы құстарды аялап, баптап, күте білуге үй- ұсақ қол моторикасын дағдыландыру; - балаларды ересектермен бірге әрекет етуге қызығушылықтарын арттыру. -Өз қолымен бұйым жасауға қызығушылығын арттыру. рету. Құстарға деген қамқорлық көзқарастарын тереңдету. Құстардың суретін салу. Сурет салуға қызығушылықтарын арттыру.	Құстардың суреттері.	1	
33	Жаңбыр (саусақпен сурет салу)	-Шығарманы оқып беру, мазмұнын түсіндіру. -Балалардың кітап оқуға деген қызығушылықтарын арттыру. - Үлкендерді құрметтеуге, сыйлауға, адамгершілікке тәрбиелеу. Жаңбырдың суретін саусақ арқылы салу.	Көрнекі суреттер	1	
34	Шалғын шөптер (жапсыру)	-материялға ұқыпты қарап, дұрыс қолдана білуге үйрету; -түрлі пішіндерді біріктіру арқылы заттарды фланеграпта орналастыруды дағдыландыру. - зат бейнесін бөлшектерден құрастыру, бөлшектерден шаблон арқылы, есте сақталған бейне арқылы, елетету арқылы композиция құрау дағдыларын дамыту. -Балаларға шөптер туралы әңгіме оқып беру арқылы, білгендерін жетілдіру. Шөпті ақ қағазға жұлмалау әдісі арқылы жапсыру.	Сюжетті суреттер.	1	
35	Жайлауда (қол еңбегі)	Балаларға «Жайлау» туралы әңгімелеп, мазмұндау. Жайлаудың бейнесін әртүрлі заттардан бейнелеп жасау.	Сюжетті суреттер.	1	

36	Көрме ұйымдастыру	Ата-аналармен көрме ұйымдастыру		1	
Барлығы				36	